

# ТАУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ ЖАРҚЫШ



**Тәуелсіздік. Егемендік.**  
**Еркіндік. Ата-баба қанымен**  
**келген осынау тәнір тартуының**  
**құны тым қымбат. Егемендік пен**  
**еркіндіктің баянды тұтқасын**  
**ұстайтын жастар үшін бұл –**  
**аманат. Тәуелсіздікті үрпақтан-**  
**үрпаққа жалғау, мәртебесін**  
**асқақтату – біздің еншімізде.**  
**Ол үшін қазак жастарының**

көзі ашық, көкірегі ояу, ғылым-білімге жаңы құмар болмағы керек. Ал әрбір жас «Мәңгілік Ел – Қазақстанның болашағы менің қолымда!» деген үранды ұстанса, білім мен ғылымға құштар болуы анық. Сондай-ақ Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Бұл заман – білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын үақытқа келдік», - деп атап өтуі, болашағымыз үшін білімнің маңызын нақты жеткізіп отыр.

Қазір әлем өзгерген. Жаһандану дәүірі тек ілгері ұмтылууды қажет етеді. Осы орайда адам ресурстарының рөлі артып отыр. Бұл білім мазмұнын жаңартууды, дамыған елдердің прогрессивті тәжірибесін игере отырып мамандар даярлай саласын жетілдірудің қажет екендігін көрсетеді. Ал Тәуелсіздік алғалы бері жыл сайын жүргізіліп,

білім жүйесіне енгізіліп отырған реформалар біздің болашағымызға салынып жатқан даңғыл жол деп айтуымызға болады.

Бүгінгі таңда отандық ғылым дамудың даңғыл жолына түсіп келеді. Оған дәлел – ғылым саласын жақсарту жәніндегі шараларды іске асыру нәтижесінде ғылымдың қаржыландарудың еселең үлғайғандығы. Әрі жыл сайын елімізде ғалымдардың енбегін қолдау, жас ғалымдардың ғылым саласына тарту мақсатында дарынды жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған жобаларға қаржы бөліп, конкурстар, форумдар үйымдастырылууда. Жалпы отандық ғылымның дамуына барлық деңгейдегі білім беру мазмұнын жаңыртуудың әсері зор екендігі белгілі. Себебі, қай мемлекеттің болсын даму жолы, яғни экономикалық-әлеуметтік жағдайына тікелей апарар жол – сол елдің білімнің дамуы болып табылады.

Білімді ел – білікті ел.  
Тәуелсіздік – Қазақстан білімін әлемдік сұранысқа жауап бере алатын білімді, білікті адам капиталын қалыптастырып отыр. Оқыу озған, ғылымы дамыған ел ғана өркениетке жете алады. Ұлы Абай «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» деген. Яғни оку-білімге құлышынған, ізденімпаз әр жастың дамуы, қогам деңгейнің сатылып есүі.

Шындығында Тәуелсіздік кезеңінде Елбасымыздың салиқалы саясатының арқасында еліміз әр салада толайым табыстарға қол жеткізді. Мұндай тың серпін білім саласында да анық байқалады. Тұнғыш Президентіміздің бастамашылдығымен қолға алынған «Болашақ» бағдарламасы арқылы көптеген зерделі жастарымыз әлемнің жетекші жоғары оку орындарында білім алып, бүінде Тәуелсіз еліміздің қарыштап дамуы үшін қызмет етіп жатса, «Мұғалім мәртебесі туралы»

зан да ұстаз қауымның қоғамдағы рөлін мейлінше көтеріп, білім саласында жүргізілген реформалар өзінің он нәтижесін беріп келеді. Эрине, егемен елдің үлтжанды үрпағын қалыптастыруды, жаңа қазақстандық патриотизмді ұлықтауда, қуатты Қазақстанды жер-жаһанға танымал етуде, тәуелсіз елді тулетуге, өнірлерді өркендетуде Елбасымыздың қосқан үлесі қомақты-ақ. Ендеше Елбасымыздың, езі айтқандай, Тәуелсіз Қазақстаннымыздың терезесін басқалармен тәң ету бәріміздің де басты борышымыз болуы керек.

Шымкент қаласында өткізіліп жатқан түрлі ілгі шараларда да Тәуелсіздік тағылымы үдайы насиҳатталуда. Бұл үрдістің өз жалғасын табатыны анық.

**ГУСЕМБЕКОВА,**  
**М.Әуезов атындағы Оқу**  
**колледжінің оқытушысы.**